

№38 Сұлутөр орта мектебі

# Біріккен сөздер

Бастауыш сынып мұғалімі:
Момбекова Ш.С.

# Сабақтың мақсаты::

**Білімділік:** Біріккен сөздердің екі түбірдің бірігуі арқылы жасалып, тұтас бір ұғымды беріп, бір сұраққа жауап беретінін ұғындыру. Сөйлем ішінен біріккен сөзді таба алуға, әр түрлі түбірлерден біріккен сөздер жасай алуға үйрету.

**Дамытушылық:** Оқушылардың ауызша және жазбаша тілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, іскерлік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелігі**: Топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу отырып, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойларына сіңіру, ұқыптылыққа, достыққа, бірлікке, әрі көркем жазуға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ

**Сабақтың әдісі:** Сұрақ-жауап, түсіндіру,дәлелдеу.

**Сабақтың көрнекілігі**: слайд, интерактивті тақта, суреттер, оқулық, кесте,



Барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі.
Оқушылардың қажетті құрал – жабдықтарын алып, түгендеу, сабаққа даярлық.

## Психологиялық дайындық:

Қазақ тілі- өз жұлдызың көктегі.
Қазақ тілі -көгіндегі шамшырақ,
Қазақ тілі-өмірің де, өлең де,
Қазақ тілі-тамыр жайған тереңге,
Қазақ тілі- болашаққа жетелеп,
Ұрпақтарды танытады әлемге!





**II. Мағынаны тану**. (бұрыңғы біліммен жаңа білімді ұштастыру)

«Келісемін - келіспеймін» әдісі






Күрделі сөздердің жасалу жолдары
Біріккен сөз
Қос сөз
Тұрақты сөз тіркестері
Қысқарған сөз

# «Семантикалық карта» бойынша жұмыс

| Сөздер | күрделі | қыстырма | біріккен |
|---|---|---|---|
| Амал қанша<br>Бәсе<br>Сірә<br>Көк ала<br>Ауыл – аймақ<br>Ата – ана<br>Шекара<br>Кемпірқосақ<br>аққұтан | | | |

# Ұлы ақын Абайдың туғанына 170 жыл .

- Ұлы ақын Абай ақылды, тапқырлықты қажет ететін және өте қызық ойын деп жұмбақты жақсы көріпті. Өзі де жұмбақ шығарыпты. Соның бірі мынау:
- Баяғыдан бері сегіз батыр
- Кезек жығысып келе жатыр.
- Түбінде қайсысы жеңері тағы белгісіз.
- Кімдер сол сегіз батыр ?

# Ұлы ақын Абайдың шешендігі .

- Ұлы ақын Абай ақылды, тапқырлықты қажет ететін және өте қызық ойын деп жұмбақты жақсы көріпті. Өзі де жұмбақ шығарыпты. Соның бірі мынау:
- Баяғыдан бері сегіз батыр
- Кезек жығысып келе жатыр.
- Түбінде қайсысы жеңері тағы белгісіз.
- Кімдер сол сегіз батыр ?
- Шешуі:
- Қыс пен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп, Жақсылық пен жамандық,
- Мағыналары қарама- қарсы сөздерді тап.

# Жаңа сабақ.

Оқушыларды сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.

Дәптермен жұмыс. Көркем жазу сәті

-----------------------------------------------------------------

(Қаламсапты дұрыс ұстау мен дұрыс отыру ескертіледі).

2. Мақсатын қою кезеңі:

-Балалар бүгін біз сабақта

*Онынщы желтоқсан.*

*Сынып жұмысы.*

*Көркем жазу :*

*т*

# Жаңа сабақ.

- ***Айнагүл Теміртау қаласында тұрады.***
- Осы сөйлемде күрделі сөздер кездесіп тұрғанын байқап тұрған шығарсыңдар, күрделі сөздің қандай түрін көріп тұрсыңдар?

# Біріккен сөздер

- ***Айнагүл, Теміртау*** сөздері қалай жасалып тұр, *айна мен гүл,* екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз, сол сияқты *темір және тау,* сөзі де екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз, ендеше бұл сөздер **біріккен сөз болып табылады.**

# Біріккен сөз

Екі не одан да көп түбірден құралған сөздерді **біріккен сөз** деп аталады. Олар бірігіп жазылады: **көкқұтан, итмұрын**

# Біріккен сөздердің жасалуы



Ақбөкен=ақ+бөкен



тасбақа=тас+бақа

қосаяқ=қос+аяқ





аққу=ақ+қу

балмұздақ=бал+мұздақ





шаңсорғыш=шаң+сорғыш

# Біріккен сөз құрастыр





# Біріккен сөздер

- **Көкжиек** – жай көзбен қарағанда көз жеткен жерге дейінгі кеңістікті көкжиек деп атайды.
- **Бұзаубас** – қоңыз, құрттың аты.
- **Жетіқарақшы** – жұлдыз.
- **Сарыағаш** – демалыс орны.
- **Ақсақал** – ата, қарт адам.
- **Ақтас** – тастың түрі.
- Алтыбақан – Наурыз тойында тігілетін ұлттық
- Бірқазан – құс.
- Кемпірауыз – қысқаштың түрі.
- Көксерке – балық.
- Ақбөкен – жануар, тез жүгіретін аң.
- Тасбақа – қосмекенді жәндік.
- Ешкім – кім екені белгісіз.
- Ешбір – ешқандай.
- Бірнеше – көптеген шама.
- Әрқашан – күнбе – күн.
- Шекара – Қосаяқ – тышқан, жәндік.
- Темірқазық – жұлдыз.

# Оқулықпен жұмыс

ПК-ГИД

# 8–жаттығу. Дидактикалық ойын «Сөз құрастыру».

- Сөздерді оқы. Берілген сөздерді сөз құрамына талда. Әр сөз неше түбірден құралған?
- *Айнабұлақ, қосаяқ, Талдыбұлақ, Алакөл, Жарбұлақ, Ботагөз, Есдәулет, Алакөл, тасбақа.*

**Біріккен сөзге жататын атаулар**

Географиялық атаулар

Кісі аттары

Дене мүшелері

Аң, құс, жәндік, өсімдік атаулары

Ауру атаулары

Мезгілге байланысты атаулар

Ойын атаулары

Қоғамдық өмірге, күнделікті тұрмысқа байланысты әр түрлі атаулар

## 9-жаттығу
## Сөздерді оқып, көшіріп жаз
## Әр сөз неше түбірден құралған?

- Аққу, бұзаубас, Ақмарал, шаңсорғыш, балмұздақ, егеуқұйрық, Жетіқарақшы, шекара.

- Сөздік жұмыс:
  Бұзаубас – басы үлкен, алдыңғы аяқтарымен жер қазатын түсі сары қоңыз.

## Ойын: “ Жоғалған сөздерді тап”



| | |
|---|---|
| мүйіз | бақан |
| суық | қазан |
| көл | торғай |
| жол | сүйек |
| алты | қу |
| жеті | бақа |
| бір | барыс |
| ақ | тұмсық |
| ақ | қарақшы |

# Біріккен сөздер

- **Көкжиек** – жай көзбен қарағанда көз жеткен жерге дейінгі кеңістікті көкжиек деп атайды.
- **Бұзаубас** – қоңыз, құрттың аты.
- **Жетіқарақшы** – жұлдыз.
- **Сарыағаш** – демалыс орны.
- **Ақсақал** – ата, қарт адам.
- **Ақтас** – тастың түрі.
- Алтыбақан – Наурыз тойында тігілетін ұлттық
- Бірқазан – құс.
- Кемпірауыз – қысқаштың түрі.
- Көксерке – балық.
- Ақбөкен – жануар, тез жүгіретін аң.
- Тасбақа – қосмекенді жәндік.
- Ешкім – кім екені белгісіз.
- Ешбір – ешқандай.
- Бірнеше – көптеген шама.
- Әрқашан – күнбе – күн.
- Шекара – Қосаяқ – тышқан, жәндік.
- Темірқазық – жұлдыз.

# Ойын: “ Жоғалған сөздерді тап”



| | |
|---|---|
| мүйіз | бақан |
| суық | қазан |
| көл | торғай |
| жол | сүйек |
| алты | қу |
| жеті | бақа |
| бір | барыс |
| ақ | тұмсық |
| ақ | қарақшы |

# I. Сергіту сәті

Даламның кеңдігіндей
жүрегім бар,
Мөп – мөлдір елге арнаған
тілегім бар.
Қатардағы қазақтың
перзентімін,
Отаныма, еліме, берерім бар.

**Өзіндік жұмыс** 10–жаттығу. Өлеңді оқып, жатқа жаз. Біріккен сөздерді тауып, астын сыз. Олардың қалай жасалғанын түсіндір

Күн күркіреп, себелеп,
Жаңбыр жауып, басылды.
Көкжиекке керемет
Кемпірқосақ асылды.

- Кемпірқосақта неше түс бар?

# Кім жылдам? /шарада шешу/

1.Өзі тәтті, өзі мұздай.

2. Баққаным әрі құс, әрі түйе.

3. Бірінші түбір сөз – түс,
Екінші түбір сөз – құс.
Екі түбір сөзді қоссаң,
Шығады тағы құс.

4. Бірінші түбір сөз – сан,
Екінші түбір сөз – сұйық зат.
Екеуін қосып оқысаң,
Жерге қойылатын ат.

5. Екі қазанның бірі сатылып кеткенде, неше қазан қалады?

6.Жиегі көгерген кілем қайдан көрінген?

# Топтық жұмыс

- 12–жаттығу.

1.Біріккен сөзбен аталатын өзерің білетін аң, құс, шөп аттарын жаз.

- I – топ Жер –су аттары : ..., ..., ...
- II- топ құстар: ..., ..., ..., ...,
- III –топ өсімдіктер: ..., ..., ...

2. **Ребустар құрау**

3. 1. Біріккен сөз дегеніміз не?
   2. Біріккен сөздер қалай жазылады?
   3. Өзіңнің күшігіңе біріккен сөз болатын қандай ат қояр едің?

# 14–жаттығу «Ақтөбе» сөзінен баспалдақ жаса

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| А | | | | | | |
| Қ | | | | | | |
| Т | | | | | | |
| Ө | | | | | | |
| Б | | | | | | |
| Е | | | | | | |

# Тест сұрақтарына жауап бер





ALLDAY.RU

# Тест жұмысы

1. Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді не дейміз?
А) дара сөз
Б) күрделі сөз
С) сөз тіркесі
2. Күрделі сөздер не арқылы жасалады?
А) түбірлердің тіркесуі, бірігуі, қосарлануы арқылы
Б) сөйлемнің дара мүшелері арқылы
С) сөз тіркестері арқылы
3. Күрделі сөз неше сұраққа жауап береді?
А) бір
Б) екі
С) сұраққа жауап бермейді
4. Екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған сөзді тап:
А) өркеш-өркеш
Б) қызыл ала
С) қараторғай
5. Күрделі сөзді анықта:
А) достық
Б) ата-ана
С) мектеп

# VI Сабақты бекіту

- Күрделі сөз дегеніміз не?
- Оның түрлері қандай?
- Біріккен сөз дегеніміз не?
- Біріккен сөзге мысал келтір

## Рефлексия

Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?

**Білемін** **Білгім келеді?** **Үйрендім.**

# VII. Үйге тапсырма:

Күнделікті енді ашайық,
Үй тапсырмасын жазайық.
Біріккен сөзден алған білімді,
Ұмытпай есте сақтайық!